

**САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:
ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ**



САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

Оқушыларға адамзаттың ғаламдық проблемаларының туындауы, проблеманың мәнісі, оны шешудің мүмкіндіктерін ғылыми деректерді пайдаланып тереңдете меңгерту, БАҚ құралдары мен ғаламтор материалдарын пайдалана отырып, географиялық білімдерін дамыту.

САБАҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Білімділік:

Оқушылардың алған білімдерін табиғат, қоғаммен байланыстыра білуі, Ғаламдық проблемалар туралы білімнің өзектілігі- қоғам санасына осы проблемалардың бар екенін және оның қауіптілігін түсіндіру.

Дамытушылық:

Саяси картадағы өзгерістерді түсіне білу дағдыларын және білім алу кезінде шығармашылық ізденістерін дамыту арқылы танымдық қызығушылығын, құзіреттілігін дамыту

Тәрбиелік:

Жас ұрпақты өмір қауіпсіздігіне, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу арқылы, адамзаттың ғаламдық проблемаларды шешуге жұмылдыруға күш салу. Татулық, бірлік, бейбітшілік туралы тәрбие беру арқылы тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.


Сабақтың формасы, әдісі:

- *Блум жүйесі, түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау, салыстыру*
- *Жеке, топтық*

Көрнекілігі:

Оқулық, дүниежүзінің саяси картасы, атлас, тірек-сызбалар, интерактивті тақтада флипчарт





I топ



II топ




III топ

Ғаламдық проблемалар өзінің бір – бірімен әрекеттесуінде өзінше мынадай үшбұрыш құрайды.

АДАМ – халықтың әлеуметтік дамуы;

ҚОҒАМ – экономикалық дамуы;

ТАБИҒАТ – айналадағы ортаға ықпалы.



**ПРОБЛЕМАЛАР
БАЙЛАНЫСЫ**



**ЖЕРГІЛІКТІ
ЖЕРДЕГІ
ПРОБЛЕМА**

**МЕМЛЕКЕТТЕГІ
ПРОБЛЕМА**





**ҒАЛАМДЫҚ
ПРОБЛЕМА**



**ЖЕРГЛІКТІ ЖЕРДЕГІ
ПРОБЛЕМА**

*Ауаның
ластануы*

*Қатерлі
аурулардың
таралуы*





СЫЗБАМЕН ЖҰМЫС

**АДАМЗАТТЫҢ
ҒАЛАМДЫҚ
ПРОБЛЕМА
ЛАРЫ**

**БЕЙБІТШІЛІКТІ
САҚТАУ
ЖӘНЕ
ҚАРУСЫЗДАНУ**

**АЗЫҚ – ТҮЛІК
ПРОБЛЕМАСЫ**

**ЭКОЛОГИЯ
ЛЫҚ
ПРОБЛЕМА**

**ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ
ШИКІЗАТ
ПРОБЛЕМА
ЛАРЫ**

**ДЕМОГРА
ФИЯЛЫҚ
ПРОБЛЕМА**

**ДҮНИЕЖҰЗІЛІК
МҰХИТТЫ
ИГЕРУ
ПРОБЛЕМА
ЛАРЫ**

**ТАБИҒИ
ОРТАНЫҢ
ЛАСТАНУЫ**

**ОЗОН
ҚАБАТЫНЫҢ
ЖҰҚАРУЫ**

**ОРМАН
АУМАҒЫНЫҢ
ҚЫСҚАРУЫ**

ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

**ҒАЛАМДЫҚ
ПРОБЛЕМА**

**ТАБИҒИ –
КЛИМАТТЫҚ**

**ӘЛЕУМЕТТІК –
ЭКОНОМИКАЛЫҚ**

**САЯСИ
БАҒЫТТАҒЫ
ПРОБЛЕМА**

ТАБИҒИ – КЛИМАТТЫҚ

□ Ғаламдық залалы бар табиғи апаттарға ірі жер сілкінісін, вулкандар атқылауын, гейзер, цунами, алапат дауылдарды жатқызуға болады.

□ **«Ядролық қыс» концепциясы.**

□ **«Жылу әсері» парниковый эффект ғылыми болжамы.**

ТАБИҒИ – КЛИМАТТЫҚ





Вулкан атқылау



ТАБИҒИ – КЛИМАТТЫҚ



Гейзер



Ядролық қыстың түсуінің математикалық үлгісінің жасалуы - терең, орны толмас, адамзаттың жер бетінен құрып кету қаупін туғызатын ядролық апаттың планеталық ауқымы

Ядролық қыс көрінісі



**«Жылу әсері» парниковый эффект
ғылыми болжамы.**



ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

**ҒАЛАМДЫҚ
ПРОБЛЕМА**

**ТАБИҒИ –
КЛИМАТТЫҚ**

**ӘЛЕУМЕТТІК –
ЭКОНОМИКАЛЫҚ**

**САЯСИ
БАҒЫТТАҒЫ
ПРОБЛЕМА**

ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ

- Экологиялық проблема
- Азық-түлік проблемасы;
- «Нашақорлық пен есірткіге қарсы күрес» – ғаламдық мәселе;
- ЖҚТБ — сізге де төніп тұрған қатер!
- Чернобыль апаты;
- Семей полигоны;
- Атом сүңгуір қайықтарында, химиялық қару сақталатын қоймаларда, қатты әсер ететін улы заттар бар ірі химиялық мекемелерде болған апаттармен байланыстырылады.

Экологиялық проблема



ҚОҒЫСТЫҢ ТАРАЛУЫ



Азық-түлік проблемасы



Нашақорлық пен есірткіге қарсы күрес

«... Есірткі мәртебесінің анағұрлым биікке көретіліп кеткенін соңғы жүз жылдық әрі пайымдауға, әрі мойындауға мәжбүр етті: есірткі жеке адамның жаны мен тәнінің саулығына қауіп төндіретін химиялық дәрі-дәрмек болудан асып, енді көптеген мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне тұрақты түрде төнген әлеуметтік- қоғамдық қатерге айналды»

Н.Ә. Назарбаев

ЖҚТБ «СПИД» және Наркомания



Есірткіден Сақ бол!



**Нашақорлықтың
қоғамға
әкелетін әсері**

**Экономикалық
аспект**

**Демографиялық
аспект**

**Моральды
аспект**

**Саяси
аспект**

**Медициналық
аспект**


**Психологиялық
аспект**



ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ,
Украинадағы Чернобыль
атом электр
станциясында, 1986 ж.
сәуір айында АЭС-тің 4-
энергоблогында апат
болды.


Чернобыль апатының нәтижесінде Украинаның елеулі аумағы мен Ресейдің Брянск және Калуга облыстарының аумағы радиоактивтік ластануға ұшырап, адамдар өміріне қауіп төнді. АЭС-тен радиусы 30 км. жерде тұратын халық басқа жерлерге көшірілді. 1986 жылдың қараша айына дейін апатқа ұшыраған блок залалсыздандырылып, оғашталды. Апатты залалсыздандыруға Қазақстан азаматтары да тартылды.

Семей полигоны




Сынақтар жасалынған территориялар

Жарылыстың негізгі нүктелері



Денсаулыққа қаншалықты зиян



Ядролық сынақтың зардабы



**Олжас Сүлейменов ядролық қаруға және оны
Қазақстан жерінен жабуға алғашқылардың бірі
болған**

**Қазақстан
Республикасы –
ядролық қарудан
өз еркімен бас
тартқан
дүние жүзіндегі
бірден-бір ел.**



БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАРУСЫЗДАНУ ПРОБЛЕМАСЫ



**“Бейбітшілік елін”
бейнелеу**

ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

**ҒАЛАМДЫҚ
ПРОБЛЕМА**

**ТАБИҒИ –
КЛИМАТТЫҚ**

**ӘЛЕУМЕТТІК –
ЭКОНОМИКАЛЫҚ**

**САЯСИ
БАҒЫТТАҒЫ
ПРОБЛЕМА**

САЯСИ БАҒЫТТАҒЫ ПРОБЛЕМА

- ❖ **Екінші Дүниежүзілік соғыс** (қыркүйектің 1, 1939 — қыркүйектің 2, 1945) — дүние жүзіне үстемдік жасау үшін Германия, Италия, Жапония тарапынан басталған соғыс.
- ❖ **Хиросима мен Нагасакиге атом бомбаларын тастау** — Екінші дүниежүзілік соғыс барысында АҚШ-тың Жапонияға қарсы атом қаруын қолдануы;
- ❖ **Экономикалық артта қалған елдер;**
- ❖ **«Ядролық» елдер;**
- ❖ **Босқындар проблемасы;**
- ❖ **«Терроризм»** шекара таңдамайды. Қайта терроршылардың техникаға, жарылғыш заттарға, жаңа заманғы қырып-жою қаруларына ден қоюы өршіп барады. Мұның өзі қоғамымызға аса қауіпті жағдай тудырып отыр. Терроризмнің басы АҚШ-тағы 2001 жылғы 11-қыркүйектегі жарылыстан басталған жоқ және онымен аяқталмайды.

Дүниежүзілік соғысты болдырмау

Адамзат тарихында 14500 астам соғыс болған.


3,5 млрд адам қаза тапқан. Осы соғыстар ішінде бүкіл дүние жүзін қамтыған соғыс болған жоқ. Қазір бір дана термоядролық зарядта Екінші Дүниежүзілік соғыста қолданылған барлық қарудың күші бар немесе бір сүңгуір қайықтың тигізетін әсері қамтыған Екінші Дүниежүзілік соғыс шамасына тең.

Жанталаса қарулану жыл сайын адамзаттың 1 трлн. доллар қаражатын жұтады. Бұл Жапония сияқты елдің ұлттық табысымен шамалас. Дүние жүзі мемлекеттерінің армияларында еңбектен қол үзіп 26 мил. адам сапта жүреді.

Дүние жүзінде қырып-жою құралдары ешқашан дәл қазіргідей жағдайда болған емес. Планетаның әр тұрғынына шаққанда тіршілік атаулыны талай мәрте жойып жіберуге жетерлік қопарғыштан келеді. Ядролық соғыс өркениетті құртатынын, Жердегі тіршілікті жойып жіберетінін барша ұғынды. Ғалымдардың анықтауынша, мұндай соғыстың салдары «ядролық қыс», яғни Жердегі климаттың мүлдем өзгеріп, тіршілік болмайтын күйге түсуі болар еді.

Ядролық соғыстан кейін біраз адам тірі қалатын болса, олар қақаған суықта, орасан радиацияда не ауыз су, не тамақ, не отын жоқ індет қаптаған жағдайда естері шығып аласұрады және мұның бәрінің үстінде күндіз-түні қаратүнек бір сейілмейді.

Ғаламдық апат — бірқатар іргелес мемлекеттердің аумағын қамтитын апат. Болашақ ұрпақ мұндай проблемалармен қақтығыспауы керек.



- **Екінші Дүниежүзілік соғыс** (қыркүйектің 1, 1939 — қыркүйектің 2, 1945) — дүние жүзіне үстемдік жасау үшін Германия, Италия, Жапония тарапынан басталған соғыс.
- 1933 ж. фашистік диктатура орнағаннан кейін Германия дүние жүзіне үстемдік жүргізу жоспарын жүзеге асыруға кірісті. Оны Италия және Жапония үкіметтері қолдады.



“МЫҢ АЛҒЫС ДЕП ҰРПАҒЫҢ ТАҒЗЫМ ЕТЕР АЛДЫҢДА”

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 67 жыл толады. 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылдың 9 мамыры... Төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысы жүздеген миллион адамдарға айықпас қасірет, қайғы әкелгені бәрімізге мәлім. Бұрын соңды болмаған ең зардапты әрі қантөгісті соғыстардың бірі осы Ұлы Отан соғысы еді.

Бұл Жеңіс кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерінің ақиқаты, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Екінші Дүниежүзілік соғыс салдары



Соғысқа 61 мемлекет, дүние жүзі халқының 80%-ы қатысты. Соғыс қимылдары 40 мемлекет жерінде жүріп, 110 млн адам әскерге алынды. 50 — 55 млн адам қазаға ұшырап, 4 триллион долл. көлемінде шығын шықты. Соғыстың аяғында фашизм толық күйреп, Батыс Еуропа елдерінде демократияның орнауына жол ашылды. Фашизмді талқандауда шешуші рөлді КСРО құрамындағы халықтар атқарды.



- **Хиросима мен Нагасакиге атом бомбаларын тастау** — Екінші дүниежүзілік соғыс барысында АҚШ-тың Жапонияға қарсы атом қаруын қолдануы.
- 1945 жылы 26 шілдеде Ұлыбритания, АҚШ және Қытай үкіметі басшыларының атынан Жапонияға тізе бүгу талабы қойылған Подстам декларациясы жарияланды. Осыдан кейін АҚШ авиациясы 1945 жылы 6 тамызда Жапонияның Хиросима қаласына бірінші атом бомбасын тастады. Қаланың елеулі бөлігі қирап, 140 мыңнан аса бейбіт тұрғын қаза тапты, жарымжан болды. 1945 жылы 9 тамызда Нагасаки қаласына екінші атом бомбасы тасталды. Оның жарылысынан қаланың бөлігі қирап, 75 мыңдай адам қаза тапты, жараланды. Хиросима мен Нагасакиге атом бомбаларын тастау соғыс талаптарынан, мұқтаждығынан туған әрекет емес еді. Бұны адамзатқа қарсы жасалған ауыр қылмыстардың қатарына жатқызуға болады және басқа халықтар мен мемлекеттерді қорқыту мақсатын көздеген әрекет саналады.

19.03.2011

Жапонияда орын алған қайғылы уақиғадан кейін цунами мен жер сілкінісі салдарынан болған атом электр стансаларындағы жағдайға орай әлемдік қауымдастық ең алдымен атом энергетикасының қауіпсіздігіне аса алаңдаушылық білдіріп отыр.

Жапониядағы «Фукусима-1» АЭС-ның 4-реакторында өрт басталды. Ал, радиация толқыны Токиоға жетті, тұрғындардың көбісі астанасынан қашуға мәжбүр.



Осылайша бұл оқиға жер сілкінісін есепке алмағанда, станциядағы бесінші апат болып отыр. 15-наурызда «Фукусима-1» АЭС-нің төртінші блогында сутегі жарылысы болған еді. Ал, Қазақстанда АЭС салу тақырыбы қайтадан қызу талқыға түсіп жатыр.

«Терроризм»

Терроризм шекара таңдамайды. Қайта терроршылардың техникаға, жарылғыш заттарға, жаңа заманғы қырып-жою қаруларына ден қоюы өршіп барады. Мұның өзі қоғамымызға аса қауіпті жағдай тудырып отыр.



- Беслан № 1 мектеп террорлық әрекеттен кейінгі көрініс



Балаларынан айырылған ата-аналар



**Терроризмнің
басы АҚШ-тағы
2001 жылғы
11-қыркүйектегі
жарылыстан
басталған жоқ
және онымен
аяқталмайды.**

- Ғаламдық ядролық апаттардың алдын алу мақсатында
- ядролық қаруды жою;
- ядролық қауіпті азайту;
- ядролық қаруды таратпау;
- толық қарусыздану мен ядролық қарудың барлық түрін жою;
- АЭС-нан да бас тартуды көздеу.

Қазіргі кезде атом энергиясын бейбіт мақсатта қолданудың үш тәсілі бар:

- Швеция, Норвегия және т.б. АЭС бұзып, консервациялау бағдарламасы жүзеге асырылуда;
- Австрия, АҚШ, Бельгия және т.б. - АЭС жасаудан толық бас тартты;
- Франция, Ресей - атом энергетикасын дамыту бағдары сақталып отыр (сонымен қатар ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары да қарастырылуда).

ҚОРЫТЫНДЫ

Жер бетінде бейбітшілікті сақтау дегеніміз

1-ден жаңа дүниежүзілік соғысты болдырмау;

2-ден ғаламдық ядролық қайшылықтарды болдырмау;

Қазіргі кезде жаңа қару-жарақ түрлері қорының шексіз өсуі жер бетінде өмір сүріп жатқан миллиондаған адамдардың өмірі үшін қауіпті.

Ғаламдық проблемалар туралы білімнің өзектілігі- қоғам санасына осы проблемалардың бар екенін және оның қауіптілігін түсіндіру.

Ғаламдық проблемалар – ол объективті шындық. Жер бетіндегі тіршіліктің сақталуы немесе өркениеттің барлық жетістіктерінің жойылып кетуі біздің әрқайсысымыздың жауапкершілігімізде. Жер бетінде тіршілік болған жағдайда ғана ондағы барлық іс-әрекеттің мәні бар.

Соғыс пен бейбітшілікті сақтау проблемасының түп- тамыры сонау өткен тарихпен байланысты мемлекетаралық шекара, жер аумағы мәселелері жөніндегі тайталас.

Ғаламдық проблемалар туралы білімнің өзектілігі- қоғам санасына осы проблемалардың бар екенін және оның қауіптілігін түсіндіру.

Теориясы: Оқушылардың оқулықпен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру кезеңі.

«Білу» (кім? не? қашан? қайда? не істеді?)

БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ ҚАРУСЫЗДАНУ ПРОБЛЕМАСЫ

<i>Туу себебі</i>	<i>Шешу жолдары</i>
Бейбітшілік пен қарусыздану , дүниежүзілік жаңа соғысты болдырмау, адамзаттың жойылып кетпеуі және өзін-өзі сақтауы қазіргі заманның ең басты проблемасына айналып отыр	Бейбітшілік саясатын жүргізу;
	Халықаралық қатынастарды реттеу;
	Қару жараққа жұмсалатын қаражат мөлшерін азайту.

Географиялық қағида: «Аталған объектіні көрсет, көрсеткен объектіні ата».

Елдер арасындағы саяси шиеленісті аймақтарды картадан көрсету

Кеңес Одағы құрамы

Армения мен Әзербайджан мемлекеттері
Таулы Қарабах

Грузия мен Абхазия және Оңтүстік Осетин республикасы

Молдавиядағы Молдова және Днепр бойы республикалары

Тәжік Республикасы

Югославияның ыдырауы, Сербия мен албандық Косово, Сербия мен Босния

Орталық Азия елдері

Ауғанстан республикасы

II ДЕҢГЕЙ

- Елдер арасындағы саяси шиеленістер, әскери қақтығыстар, олардың себептері және қазіргі кездегі жағдайға сипаттама беріңдер.
- Мысалы: Кеңес Одағы құрамындағы Армения мен Әзербайджан мемлекеттері арасындағы Таулы Қарабах төңірегіндегі жанжал;
- Грузия мен Абхазия және Оңтүстік Осетин арасындағы қақтығыс;
- Молдавиядағы Молдова және Днепр бойы республикаларының құрылуы және олардың арасындағы шиеленіс;
- Тәжік Республикасындағы азаматтық соғыс;
- Югославияның ыдырауы, ұлттық қатынастың шиеленісуі әсерінен Сербия мен албандық Косово, Сербия мен Босния арасындағы соғыс әрекеті;
- Кеңес Одағының ыдырауы Ресейдің геосаяси жағдайының өзгеруі;
- Орталық Азия елдері мен Қазақстанға ислам фундаментализмінің қауіп төндіруі;
- Ауғанстанның талибтерден азат етілуі;


III ДЕНГЕЙ

Проблемалық тапсырма


1. Өздеріңді бір сәт «үкімет басшысы» деп елестетіңдер. Жанталаса қарулануға кеткен жыл сайынғы адамзаттың 1 трлн. доллар қаражатын қандай мұқтаждыққа жұмсар едіңдер?
2. Сендер қалай есептейсіңдер, бейбітшілікті сақтау және ядролық соғысты болдырмау проблемасы ғаламдық проблемалар арасында бірінші кезектегісі қайсысы. Жауаптарыңды дәлелдеңдер.
3. Елімізде бейбітшілік болсын десең – соғысқа дайындал.

Венн диаграммасын құру

- Ортақ белгілері




ДИОГРАММАМЕН
ЖҰМЫС



Венн диаграммасын құру

- Ортақ белгілері



«Түсіну» Неліктен? Неге? Не үшін? Не себепті?

II деңгей. Тірек сөздер

Жаңа тақырып бойынша жетекші ұғымдар мен түсініктер:


ғаламдық проблема, милитаризм, конверсия

Сұрақ: Биосфера мен ондағы адамзат үшін дүниежүзілік ядролық кикілжің салдары қандай болмақ?


Тапсырма: Ғаламдық проблемалар тізбегін құрастырыңдар. Оның ішіндегі кезек күттірмейтін №1 проблеманы және 2,3 ... проблемаларды анықтаңдар, себебін түсіндіріңдер.

Идеялар алмасу, пікір айту.
Өзіне керектісін таңдау.

**ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР
БАЙЛАНЫСТЫ**



**Устранение каждой из них
в отдельности
не возможно.**



**Необходим
комплексный подход
к их решению.**

Р
ДА
МА
ЛЕ
ОБ
ПР
ЫК
МД
ДА

Гибель
жизни
на Земле



Назарларыңызға рахмет!